ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АМАНҚОС МҰСТАФАЕВ
АТЫНДАҒЫ №227 НЕГІЗГІ
МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ ШКОЛА №227
ИМЕНИ АМАНКОС
МУСТАФАЕВА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
АРАЛЬСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ №01 / ПРИКАЗ

31.08.2022ж

Қызылорда облысы, Арал ауданы,
Сапақ ауылдық округі, Көктем елді мекені
Тел: 8 (72433) 4-16-80

Кызылординская обл.Аральский район,
Аульный округ Сапак.Куктем
тел: 8 (72433) 4-16-80

**Жалпыға бірдей міндетті оқу қаржысы есебінен мектеп асханасынан мектептегі жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көп балалы отбасынан шыққан және тұрмыс жағдайы төмен отбасының балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен тегін тамақтандыру туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022-2023 оқу жылында қаралған жалпыға бірдей міндетті оқу қоры қаржысы есебінен жалпыға бірдей міндетті орта білім қоры есебінен бөлінген қаржыға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы, 2020 жылғы 4 сәуірдегі №158 қаулысына және 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 қаулысын негізге ала отырып, әлеуметтік қорғалмаған білім алушылармен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға мектеп асханасынан тегін тамақ ұйымдастырылуына байланысты оқушылардың мектеп асханасынан тегін тамақтануына ата-аналардан түскен өтініштерді сараптап, нақты тізім жасау үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1. Жұбаназаров.Б.С-комиссия төрағасы, мектеп директоры;
2. Бөкешов.Н.-комиссия мүшесі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Елмағамбетов.Ә-комиссия мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы;
4. Сермағамбетов.М-комисся мүшесі, әлеуметтік педагог
5. Молдашева.Ж-комиссия мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы
6. Иманбаева.А-комиссия мүшелері, сынып жетекші
7. Елеулиева.Б-комиссия мүшесі, медбике

2. Нақтыланған тізімге сәйкес сынып жетекшілерімен бірлесе отырып оқушылардың тиісті құжаттарын дайындау мектептің әлеуметтік педагогы М.Сермағамбетовтың жауапкершілігіне міндеттелсін.
3. Мектеп асханасын жалға алған кәсіпкердің тамақты уақытылы әкелуін, олардың талапқа сай сертификаты болуын және жарамдылық мерзімінің дұрыс болуын қадағалау, асханадан берілетін тамақтың ас мәзіріне сай болуын және оның сапасын күнделікті қатаң бақылап отыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Бөкешов пен әлеуметтік педигог М.Сермағамбетовке міндеттелсін.

4. Мектептің интернет-ресурсында құрылған «Мектептегі тамақтану» айдарына, сондай ақ «Күнделік» жүйесіне білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша ақпаратты тағамдардың суреті көрсетілген перспективалық, күнделікті ас мәзірі ақпараттық технологиялық қолдау көрсету М.Сермағамбетовке жүктелсін.
5. Мектеп асханасының санитариялық талаптарға сай болуын және ондағы қызметкерлердің уақытылы медициналық тексеруден өтіп отыруы, медициналық кітапшаларында гигиеналық оқыту және бактериологиялық тексеруден өту жөніндегі белгілерінің болуын, бракераж журналының талапқа сай жүргізілуін қатаң қадағалау мектеп аяжаны Б.Елеулиеваның жауапкершілігіне міндеттелсін.
6. 2022-2023 оқу жылында аз қамтылған отбасының балалары, яғни 8 оқушы жалпыға бірдей міндетті оқу қоры қаржысы есебінен тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры:** **Б.Жұбаназаров**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ«АМАНҚОС
МҰСТАФАЕВ АТЫНДАҒЫ
№227НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ ШКОЛА №227
ИМЕНИ АМАНКОС
МУСТАФАЕВА»ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯПО
АРАЛЬСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ №119**
**09.01.2023ж**

**ПРИКАЗ**


Қызылорда облысы, Арал ауданы,
Сапақ ауылдық округі, Көктем елді мекені
Тел: 8 (72433) 4-16-80

Кызылординская обл,Аральский район,
Аульный округ Сапак,Куктем
тел: 8 (72433) 4-16-80


**№227 негізгі мектебі асханасынан тегін ыстық тамақты ұйымдастыру туралы.**

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына сәйкес, 2022-2023 оқу жылында әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға тегін тамақты ұйымдастыру мақсатында және

әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен, барлық бастауыш (1-4 сынып) сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығын басшылыққа ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 9 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілері және жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылары мен тәрбиеленушілері білім беру қорының 163-ерекшелігі бойынша № 1-қосымшаға сәйкес ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2.Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында барлық бастауыш (1-4) сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығын басшылыққа ала отырып №227 негізгі мектебі асханасынан 1-4 сынып оқитын әлеуметтік жағдайы жақсы 26 оқушы ыстық тамақпен қамтылсын.

3.Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті жағдайлары қамтамасыз етілсін және оның орындалуына жауапты етіп мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Ү.Молдабаевқа, мектеп аяжаны Б.Елеулиеваға (келісімімен) міндеттелінсін.

4. Мектеп асханасының жұмыс уақыты арнайы бекітілген кесте (№3 қосымша) бойынша жүргізілсін және оқу процесі аяқталғанға дейін бір сағат бұрын аяқталсын.

5. Мектептің интернет-ресурсында құрылған «Мектептегі тамақтану» айдарына, сондай-ақ «Күнделік» жүйесіне білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша ақпаратты (тағамдардың суреті көрсетілген перспективалық, күнделікті ас мәзірі, тамақтану сапасына

мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың, ведомствоаралық сараптамалық топтардың жұмыс жоспары, актілері) жүйелі түрде орналасуын қамтамасыз етуді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Бөкешовке және әлеуметтік педагогы М.Сермағамбетовке міндеттелінсін және ақпараттық технологиялық қолдау көрсету мектеп программисі Ж.Бағыбергеноваға және мектеп зертханашысы А.Мүсірәлиеваға жүктелсін.

6. Перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын тамақтардың алдағы күнге шығуын көрсете отырып, ас мәзірі бекітілсін және оны асханаға, білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастырылсын. Жауапты мектеп медбикесі Б.Елулиева.

7. Қызметті жеткізуші (Өнім беруші) ай сайын мектеп басшысына өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәліметтерді уақытылы ұсынсын.

8. Мектепте қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдерінің, мектептің медициналық пунктінің медицина қызметкерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылсын.

9. Комиссия мүшелері осы мектептегі аз қамтылған, тұрмысы төмен, мүмкіндігі шектеулі, толық немесе жартылай жетім отбасы балаларын анықтап, осы балалардың «Жалпыға бірдей міндетті оқу» қоры есебінен бөлінген қаржыға жыл бойы мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін қадағаласын.

10. Комиссия құрамына айына екі рет мектеп асханасының жұмысына қойылатын талаптарды тексеріп, асхана жұмысына мониторинг жасап отыру тапсырылсын

11. Асханаға әкелінген тағамдардың сертификаты болуына қатаң назар аударылсын.

12. Мектеп асханасында оқушы астан улану қауіпі бар, мерзімі өтіп кеткен тағамдарды қолдануға қатаң тыйм салынсын.

13. Ас мәзіріне сәйкес жасалған тағамдардың сапасын күнделікті қадағалап отыру мектеп аяжаны Б.Елеулеиеваға міндеттелсін.

Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау мектептің әлеуметтік педагогі М.Сермағамбетовке міндеттеймін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз міндетіме қалдырамын.

**Мектеп директоры: Б.Жұбаназаров.**

**Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры есебінен жетім, әлеуметтік тұрмысы төмен, көпбалалы отбасы балаларын ыстық тамақпен қамту туралы комиссия отырысының**

**Х А Т Т А М А С Ы №02**

**Уақыты:** 31.08.2022жыл №227 негізгі мектеп

**Қатысқандар:**

**Комиссия төрағасы:**

1. Б. Жұбаназаров – мектеп директоры,

**Мүшелері:**

2. Б. Елеулиева – мектеп аяжаны мүшесі
3. Н.Бөкешов – мектеп директорының тәрбие ісі меңгерушісі
4. Ү. Молдабаев – мектеп шаруашылық меңгерушісі
5. М.Сермағамбетов – мектеп әлеуметтік педагог
6. Г. Хамзина – мектеп педагог- психолог
7. А.Иманбаева – сынып жетекшісі

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Оқушылардың тамақтану жөнінде комиссия мүшелері құрамымен таныстыру.
2. Әлеуметтік қорғалмаған, көп балалы отбасылардан шыққан, жетім, қамқоршылықтағы оқушыларға «Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан» берілетін ыстық тамақтың берілуі туралы.
3. «Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан» бір мезгілдік ыстық тамақ берілетін оқушылардың тізімін талқылау, құжаттарын тексеру және толықтырулар енгізу.

**Тыңдалды:**

**Б. Жұбаназаров мектеп директоры -** «Жалпыға бірдей міндетті оқу қорына» әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына көмек көрсетуге 2022 оқу жылына бөлінген қаржыны әлеуметтік қорғалмаған оқушыларға үйлестіру керек екендігін айта отырып,бөлінген қаржының дұрыс игерілуі мен оқушылар құжаттарының дұрыс, толық қабылдануына баса назар аударылуы қажет екендігі мен бірінші кезекте қорғаншы, ата – ана қамқорлығынан айырылған балалардың, мүгедек және дәрі ішетін оқушылардың қамтылуы қажеттігіне көңіл бөлуді міндеттеді. Басты назарда оқушы құжатының сәйкестігін назарға алуын комиссия мүшелерінен талап етулерін ескертті.

**Б. Елеулиева мектеп аяжаны –** асхана мен білім беру обьектісінің қызметкерлері арасында тұмау жұқпасына қарсы аурулардың таралуына жол бермеу мақсатында тұрақты қол гигиенасын үшін асханаға кіре берісте және тамақтану залында қол жууға арналған. Аспазшылар жеке бас гигеанасын таза ұстауды талап етті.

**М.Сермағамбетов әлеуметтік педагог** - Комиссия құрамына айына екі рет мектеп асханасының жұмысына қойылатын талаптарды тексеріп, асхана жұмысына мониторинг жасап отыру

**Көмек алушылар категориялары**

Әр бір категория бойынша әзірленетін құжаттар тізімі

**І. 1-ші категория Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары**

**Қажетті құжаттар:**

1. Өтініш
2. Ата – анасының жеке куәлігі (көшірме)
3. Туу туралы куәлік (көшірме)және отбасындағы барлық баланың туу туралы куәлігі (көшірме)
4. Некеге тұру /бұзу куәлігі (көшірме)
5. Атаулы әлеуметтік көмек алатындығын растайтын анықтама

**ІІ. 2-ші категория Жанбасына шаққандағы кірiскөзінен аспайтын отбасы балалары (көп балалы, жалғызбасты, жартылай жетім, тұрмысы төмен отбасы)**

**Қажетті құжаттар:**

1. Өтініш
2. Ата – анасының жеке куәлігі (көшірме)
3. Туу туралы куәлік (көшірме)және отбасындағы барлық баланың туу туралы куәлігі (көшірме)
4. Некеге тұру /бұзу куәлігі (көшірме)
5. Айлық табысы

**Қосымша**

Отбасына кіретін кіріс көзі:

1. Ата – анасының жұмыс орнынан айлық табысы көрсетілген анықтама (анықтама жыл басынан бастап, өтініш берілген айға дейінгі уақыт аралығында қамтылуы қажет)
2. Ата – анасының бірі жұмыссыз болған жағдайда, көмек алушының ЖК (жеке кәсіпкерлігінің) жоқтығы жөнінде және зейнетақы қорынан анықтама
3. Ата – анасы ажырасқан жағдайда АЛИМЕНТ алатындығы / алмайтындығы жөнінде анықтама
4. Ата – анасының бірі қайтыс болған жағдайда оны дәлелдейтін құжат (қайтыс болу туралы куәлігі)

**ІІІ. 3 - ші категория Жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар**

**Қажетті құжаттар:**

1. Өтініш
2. Ата –анасының жеке куәлігі (көшірме)
3. Туу туралы куәлік
4. Ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаға патронат тәрбиеші тағайындау туралы ШЕШІМІ (көшірме)

**IV. 4 – ші категория Төтенше жағдайлардың нәтижесінде шұғыл көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалар**

**Қажетті құжаттар:**

1. Өтініш
2. Ата – анасының жеке куәлігі (көшірме)
3. Туу туралы куәлік (көшірме)және отбасындағы барлық баланың туу туралы куәлігі (көшірме)
4. Некеге тұру /бұзу куәлігі (көшірме)
5. Отбасының материалдық – тұрмыстық ахуалын зерттеу АКТІСІ

**V. 5 – ші Мектеп тарапынан анықталған көмекті қажет ететін басқада оқушылар категориясы**

**Қажетті құжаттар:**

1. Өтініш
2. Ата – анасының жеке куәлігі (көшірме)
3. Туу туралы куәлік (көшірме)және отбасындағы барлық баланың туу туралы куәлігі (көшірме)
4. Некеге тұру /бұзу куәлігі (көшірме)
5. Отбасының материалдық – тұрмыстық ахуалын зерттеу АКТІСІ

Комиссия ата-аналары мен сынып ата-аналары комитеті ұсынған құжаттарды қарастырып, ата-аналар комитетінің өзге де мүшелерін тыңдай келе, қаулы қабылданды.

**Қаулы:**

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларының ішінен 8 оқушы құжаты іріктелінген,тиісті құжаттарын дайындап, олардың ыстық тамақпен қамтамасыз ету сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог М.Сермағамбетовке жүктелсін.

1. Мектеп асханасында кезекшілік ұйымдастырылып, оқушылардың тамақтануы қатаң бақылауға алынсын.
2. Тамақтану кестесі мен журналдары бекітілсін.

**Мектеп директоры:** **Б. Жұбаназаров**

**Хатшы:** **А. Маханова**

**«Бекітемін»**
**Мектеп директоры:**
**«__31__»__08__2022ж ________Б. Жұбаназаров**

**«А. Мұстафаев атындағы №227 негізгі мектебі» КММ – нің 2022-2023 оқу жылында әлеуметтік білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамассыз ету мақсатында «Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан» берілетін ыстық тамақпен қамтылған білім алушылардың тамақтану**

**К Е С Т Е С І**

| Р\с | Сыныбы | Бала саны | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| **I ауысым** | | | | |
| 1 | 2 | 4 | 9:35-9:45 | Иманбаева.А |
| 2 | 3 | 1 | 9:35-9:45 | Ерғалиева.А |
| 3 | 4 | 1 | 9:35-9:45 | Елеуова.Н |
| 4 | 8 | 1 | 9:35-9:45 | Маханова.Д |
| 5 | 9 | 1 | 9:35-9:45 | Бітімбаева.Э |
| **Барлығы: 8** | | | | |

Әлеуметтік педагог: ________М.Сермағамбетов